ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№17 (3342) 2 наурыз 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ЖАҚСЫЛЫҚ ЕККЕН АЛҒЫС ОРАДЫ

2-бет

СУДЬЯЛАР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ НЕГЕ АЗ ЖҮГІНЕДІ?

3-бет

АШЫҚ КҮНДЕ АДАСҚАН АДАМ

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БОС ЖАТҚАН ЖЕР ЖАУ ШАҚЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 5-отырысында жер мәселесіне нүкте қойды. «Халқымыз үшін жер мәселесі қашанда аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды деп бірнеше рет айттым. Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет. Сондықтан, мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым. Біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырамын. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты», – деді Қазақстан Президенті.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Талғат ШАЯХМЕТОВ,
Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі

ЗАҢДЫ БІЛСЕҢ — ЗАРДАП ШЕКПЕЙСІҢ

– Өңірімізде қараусыз малдың кесірінен орын алатын жол апаттары жиілеп кетті. Әсіресе, түнгі уақытта бей-берекет жолға шыққан төрт түлік жүргізушілерге қауіп төндіруде. Оқыс оқиғалардың алдын алу үшін полиция қандай жұмыс атқарып жатыр? Малын қараусыз жіберген азаматтарға қандай жаза қарастырылған? Мал ұрлығына тосқауыл қою үшін не істеліп жатыр?

– Былтыр облыс бойынша мал ұрлығы 12,8 пайызға төмендеген.

(Соңы 6-бетте)

ТҰҒЫР

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ БҮГІНГІ БЕТ-БЕЙНЕСІ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАШАНДА ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы мен Жоғарғы Сот төрағасының сот жүйесін жетілдірудегі реформаларының басты бағыты – Қазақстанда жоғары сапалы, әділ сотты қалыптастыру. Сонымен бірге, еліміздің сот жүйесі халық үшін қолжетімді, ашық болуы керек.

Аймақ тұрғындарының сот жүйесінің қызметіне қолжетімділігін қамтамасыз ету және туындаған құқықтық сұрақтарына тиісті жауап беру мақсатында облыстың барлық соттарында «Ашық есік күндері», сот төрағаларының жеке қабылдаулары өткізіледі. Осы шаралар арқылы біз халықтың көкейінде жүрген сұрақтарға назар аударып, барынша құқықтық көмек беруге тырысамыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирус індетін пандемия деп жариялауына байланысты елімізде төтенше жағдай және карантиндік шектеулер енгізілгені белгілі. Осы кезеңде Қызылорда облысының соттары толықтай онлайн форматта жұмыс жасауға көшті. Қалыптасқан қызмет тәртібіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Айта кету керек, соттарда бұған дейін де сандық технологиялар қолданылып келген. «Ашық есік күндері», сот төрағаларының жеке қабылдаулары онлайн форматта өткізілді. Бүгінгі күні талап қою

арыздары, шағым мен сұраныстар «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы қабылданып, сот отырыстары «TrueConf», «WhatsApp», «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен қашықтан өтуде.

Соттың цифрлы Қазақстан тұрғысында даму қарқыны жоғары. Бүгінгі күні сот жүйесінде сотта қаралатын дауларды барынша азайтуға, жанжалды бейбіт жолмен шешуге басымдық беріліп отыр.

Қызылорда облысы соттарында дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу институттарының қолданылуын кеңейту мақсатында мобильдік топ құрылған. Олар халық арасында бітімгершілік рәсімдерін қолданудың артықшылықтарын түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, Қызылорда облысы бойынша барлық әкімдіктер жанынан медиация кабинеттері қызмет атқарып отыр.

(Соңы 4-5-беттерде)

ЖЕРДІ ТИІМДІ ИГЕРУДІҢ ТЕТІГІ ҚАНДАЙ?

ОЙТАЛҚЫ

Ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылатын жерлер енді шетелдіктерге сатылмайды, жалға да берілмейді. Бірақ жерімізді тиімді игеру енді өзімізге тиесілі. Осы орайда жерді тиімді игеру үшін не істеуіміз керек?

Болатхан МАХАТОВ, ауылшаруашылығы ғылымының докторы, профессор:

– Пайдаланылмай жатқан бос жерлерді мемлекеттің кері қайтарып алатын бастамасы мені қатты қуантты. Өйткені, жерді ұзақ мерзімге жалға алғандар жерді тиімді пайдалана алмады. Мемлекет те жерді жалға берген соң, тексере алмай отырды. Нәтижесінде көптеген егістік алқаптар құнарын жоғалтты. Арамшөп қаптап, азып-тозып кетті. Ал жердің тозуының зияны көп.

Сондықтан, ендігі жерде мемлекет қайтарылған жерлерді тиімді игеру бағытында арнайы кешенді жоспарлар әзірлеп, соның аясында ауыл шаруашылығына арналған жерлерді тиімді игерсек, жер де тозбас еді, жерді игеру ел экономикасына да пайдалы болар еді.

Мұхтар БАЙБАТШАНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты:

– Жерге қатысты халықтың күткені осы сөз еді. Көпті толғандырып жүрген өзекті мәселеге Мемлекет басшысы нүкте қойды. Енді бұл шешімді заң жүзінде бекітіп, жерді игерем деген азаматтарға жерді пайдалануды қолжетімді етіп, тиімді игеруді жолға қойсақ көп мәселе шешімін табар еді. Еліміз ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға енгізудің әдіс-тәсілдерін әзірлеуі тиіс. Ал халық соның аясында әрекет етуі қажет.

Ауыл шаруашылығына арналған, яғни, өте үлкен көлемдегі жерлерді шетелдік түгілі, өзіміздікілерге де жекеменшікке бермеген жөн. Яғни, жер Қазақстанның өз азаматтарына да сатылмауы тиіс. Өйткені, жерді иеленіп алған адам ертеңгі күні не істесе де, оны кімге сатып жіберсе де, өз еркі. Мәселен, шетел азаматына сатып жіберсе, одан кім жауап алады?

(Соңы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

ЖАҚСЫЛЫҚ ЕККЕН АЛҒЫС ОРАДЫ

Тәрбие мен тәлімге, бірлік пен достыққа қазақтан артық маңыз берген халық жоқ шығар, сірә. Ұрпағының жүрегіне мейірімділіктің дәнін еккен бабаларымыздың көрегендігіне, данышпандығына кейде таңқаласың.

Ата-бабасының «Жаңбырмен жер көгереді, алғыспен ел көгереді», «Алғыс алған арымас, қарғыс алған жарымас», «Алғыс алған жігіттің аты бәйгеден бірінші келеді» деген тәмсілін құлағына құйып өскен ұл-қыздың айналасына жақсылық жасап, қамқорлық көрсетуі қалыпты үрдіс. Бүгінгі Алғыс айту күні сол қазақтың кең көңіліне, шын пейіліне, жомарттығына арналған тарту.

Бұл мереке елімізде 2016 жылдан бері аталып келеді. Өзге мерекелерден айырмашылығы өте үлкен. Себебі, бұл қиын-қыстау кезде Қазақстанды паналаған, қазақтардан жылу көрген, қазақ жерінде өсіп-өнген көптеген этностардың тарихын түгендейтін, өткенін бағамдап, жергілікті халықтың қамқорлығына алғысын білдіретін күн.

Қазақстанды Отаным деп танитын, бағалайтын ұлттар мен ұлыстарды шетке қағу, бөлу бізде ешқашан болмаған. Керісінше, еліміздің бас құжаты Конституцияның өзінде «заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» екені, «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген.

Керісінше, арнайы заң шеңберінде өзге ұлттардың өз тамырынан ажырамауына, салт-дәстүрін ұмытпауына, туған тілін дамытуына барлық жағдай жасалған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық ететін Қазақстан Халықтары Ассамблеясы өзге ұлт өкілдерінің ешқандай қысым көрмей өмір сүруіне, мемлекеттік билік жұмысына, заң шығару ісіне араласуына толық мүмкіндік беріп отыр. Ендеше, осындай бейбіт елде, тату мемлекетте ұрпағын өсіріп, болашағына батыл жоспар құрып отырған өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға, оның халқына ақжарма алғысын білдіруі заңдылық.

Міне биыл, Алғыс айту күнінің мереке ретінде енгізілгеніне 5 жыл болмақ. Осы уақыт ішінде бұл мереке санамызға берік орнап, өзге ұлт өкілдерінің жергілікті халыққа алғысын білдіретін күні деген шектен әлдеқандай кең ауқымда қолданылатын болды. 1 наурызда біз Аллаға шүкірлік етіп, өмір сыйлаған ата-анамызға, бауырларымызға, аға-іні, дос-жарандарымызға жылы сөзімізді, ыстық ілтипатымызды білдіруге мүмкіндік алдық.

Бүгінгідей татулыққа, бірлікке, игілікке үндейтін мерекеде баршаңызға айналаңыз аман, төрт құбылаңыз түгел болсын деген тілек айтқым келеді. «Төртеу түгел болса төбедегінің келетінін» ұмытпайық. Халықтар достығы мәңгілік болсын! Ең бастысы, барды бағалай білейік, жақсылықты ұмытпайық, мүмкіндік болса айналамыздан тек Алғыс алып жүрейік!

Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,
Түркістан облыстық сотының төрағасы

БЕЗБЕН

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫ ТӨЛЕМЕУ ІС ҚОЗҒАУҒА КЕДЕРГІ

Соңғы уақытта соттарда онлайн несие келісім шартынан туындаған дау саны артты. Оған қатысты әртүрлі тәжірибе қалыптасып отыр. Бір соттар істі сот талқылауына дайындау сатысында кемшіліктерді жою мүмкін еместігін негізге ала отырып талап қою арызын қайтарса, екіншісі істі мәнісі бойынша қарап, шешім қабылдауда. Осы санаттағы талап арыздарды өндіріске қабылдауға бірнеше мән-жай кедергі келтіреді.

2018–2019 жылдары азаматтарға онлайн несие берген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кейіннен несиені қайтаруды талап ету құқығын келісім шарт негізінде жеке тұлғаларға берген. Азаматтық кодекстің (АК) 341-бабына сай, егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, бастапқы несие берушінің құқығы жаңа несие берушіге құқықтың ауысуы кезінде болған көлемде және сондай жағдайларда ауысады. Атап айтқанда, жаңа несие берушіге міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ басқа да құқықты, соның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқықты талап етуге байланысты құқықтар ауысады. АК-нің 735-бабына сәйкес, борышқор қаржы агентіне ол клиенттен немесе қаржы агентінен ақшалай талаптың аталған қаржы агентіне берілгендігі туралы жазбаша хабарлама алған жағдайда төлем жүргізуге міндетті. Хабарламада орындалуға жататын ақшалай талап нақты белгіленіп, төлем жүргізілуі тиіс қаржы агенті көрсетілуі керек. Сонымен бірге, талап қоюшы талап қою құқығының ауысқанын борышкерге хабарланғаны туралы дәлелді сотқа ұсынбайды. Ал талап арызға қосымша ұсынған талапты несие берушінің ауысқанын хабарлау деп тануға болмайды.

Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 152-бабы 1-бөлігінің 1) тармағына сай, егер талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса судья талап қою арызын қайтарады.

«Нотариат туралы» заңның 92-2-бабының 1) тармағына сәйкес, атқарушылық жазба егер ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екенін растаса жасалады. Жауапкердің берешегі келісімшартпен, іс-құжаттармен толық дәлелденсе де талап қоюшы бірден сотқа арызданады. Сот ұйғарымда талап арыздың не себепті қайтарылғанын нақтылап көрсетсе де, кемшіліктер түзетілмей, қайтадан сотқа арызды жолдау жиі орын алуда. Яғни, сенімді өкілдер істі сотқа дейінгі реттеу тетігіне немқұрайды қарауда.

АПК-нің 149-бабы 1-бөлігінің 2) тармағына сай, талап қою арызына мемлекеттік баж төленгені туралы құжат қоса ұсынылады. Кодекстің 152-бабы 1-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, талап арыз осы құжаттың148-бабының, 149-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының, 1-1-бөлігінің талабына сәйкес келмесе және істі сот талқылауына дайындау сатысында кемшілікті жою мүмкін болмаса, судья талап қою арызын қайтарады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің 608-бабының 1-тармағына сай, уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға заңдық мәні бар әрекеттер жасау жөнінде өтініш жасайтын тұлғалар мемлекеттік баж төлеуші болып табылады.

«Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың № 9 нормативтік қаулысының 7-тармағына сәйкес, мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат қоса тіркелмеген не ол толық мөлшерде төленбесе немесе сәйкес келмейтін деректемелер бойынша төлем жүргізілсе, талап арыз АПК-нің 152-бабына сәйкес қайтарылады, өйткені мемлекеттік бажды төлемеу азаматтық істі қозғауға кедергі келтіреді.

Н.ХАСЕНБАЕВ,
Зайсан аудандық сотының төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Эльмира ОЙКУЛОВА,
Атырау қаласы №2 сотының судьясы

2021 жылдың басынан бастап елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы жұмыс істей бастады.

Президент Қ.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында әлеуметтік-экономикалық даму заң үстемдігінсіз және азаматтар қауіпсіздігіне кепілдік берілмей табысты іске аспайтынын атап өтті. Сондай-ақ құқық қорғау органдары өз қызметінен айыптау мен азаматтарды қылмыстық қудалау шеңберіне негізсіз тарту фактілерін жоя отырып, жұмыстың озық әдістеріне сүйенуі тиіс. Аталған өзекті мәселелерді еңсеру үшін Президент өкілеттіктерді нақты бөлуді көздейтін үш буынды модельді ұсынды. Полиция қылмыстар мен қатысы бар адамдарды анықтап, дәлелдер жинап, бекітуі керек. Прокурор жиналған дәлелдемеге тәуелсіз баға беріп, азаматтар құқығын бұзудың жолын кессе, сот та айыптауды қолдайды. Сонымен бірге, сот органдардың іс-әрекетіне шағымдарды қарайды және іс бойынша түпкілікті үкім шығарады. Дамыған елдер тәжірибесіне сай келетін бұл модель қылмыстық процестегі тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін нығайтады, әрбір кезеңді сүзгіден өткізіп, азаматтардың құқықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процесс жаңашылдықтарының мәні сотқа дейінгі тергеудің барлық сатыларында прокурордың жауапкершілігін күшейту, оған сотқа дейінгі тергеу барысында заңдылықты қамтамасыз ету үшін қосымша уәкілеттіліктер беру болып табылады. Бұл өзгерістер тергеу сапасын арттыруға, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ақылға қонымды мерзімін сақтауды қамтамасыз етуге де арналған.

Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Қылмыстық процестік кодекстің 45-бабының 7-бөлігі бойынша сотқа дейінгі шешімнің мерзімін ұзу туралы шешім қабылдап, бұл туралы қаулыны бір тәулік ішінде прокурорға келісу үшін жібереді. Өз кезегінде прокурор көрсетілген қаулыны алғаннан кейін үш тәулік ішінде оның заңдылығын зерделеуге және келісуге не өзінің дәлелді қаулысымен келісуден бас тартуға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына қайтаруға міндетті. Қылмыстық іс материалын талап ету және зерделеу қажет болған кезде үш тәуліктік мерзім 10 тәулікке дейін ұзартылады.

Қылмыстық процеске қатысушыларды хабардар ету қаулы келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеу мерзімін ұзуге келіспеген жағдайда прокурор келісуден бас тартып қана қоймайды, сонымен бірге тергеушіге іс бойынша жүргізілуі керек тергеу және іс жүргізу әрекетін көрсетеді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының аталған шешіміне келісу қажеттілігі оның одан әрі тергеп-тексеруге әсер ететіндігімен байланысты. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін заңсыз ұзу дәлелдемелердің жоғалуына, істің кейіннен әуре-сарсаңға салынуына әсер етіп, соның салдарынан қатысы бар адамдарды анықтау, олардың кінәсін дәлелдеу қиынға түседі.

ҚПК 202-бабында адамды күдікті деп тану мәселесі алдын ала сипатқа ие болғанымен, азаматтардың құқығы мен мүддесін елеулі түрде қозғайды, өйткені ол адамның жаңа процестік мәртебесін айқындайды, оны қылмыстық процеске күдікті ретінде тартуды білдіреді, мәжбүрлеу шарасын қолдануға және іс-әрекетті одан әрі саралауға жол ашады. Сонымен бірге, осы кезеңде адамды күдікті ретінде негізсіз тартуға жол бермеу азаматтар құқығының бұзылуына тосқауыл қояды. Заңға сәйкес адамды күдікті деп тану туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының шешімі прокурормен келісілу қажет.

Жаңа тәртіпке сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға адамның қылмыс жасағанын көрсететін деректер болған кезде және оған процестік ұстап алуды қолдану қажет болмаған кезде адамды күдікті деп тану туралы қаулы шығарады. Қаулыны шешімнің негізділігін растайтын қылмыстық іс материалымен бірге дереу прокурорға келісу үшін жібереді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының заманауи техникалық мүмкіндіктері мерзімді сақтауға қиындық туғызбауы тиіс. Өйткені, ҚПК-дегі өзгерістер қаулыны электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып жіберуге мүмкіндік береді және істің құпиялылығын қамтамасыз ету қажет болған кезде ғана прокурорға көрсетілген қаулы қағаз түрінде ұсынылады. Прокурор қаулы мен қылмыстық іс материалын алып, оларды дереу зерделейді және қаулыны келісу туралы шешім қабылдайды не өзінің дәлелді қаулысымен келісуден бас тартады. Бұл түзетулер сотқа дейінгі тергеу барысында заңдылықты қамтамасыз ету үшін прокуратура басшыларының нақты жауапкершілігін арттыруға, қылмыстық процестің алғашқы сатыларында прокурордың қадағалаудың сапасын көтеруге бағытталған. Қылмыстық процесс қатысушыларына пайда әкелетін бұл жаңашылдықтар оң бағаға ие.

БІТІМ

АДАМДЫҚТЫ САҚТАУДЫҢ БІРДЕН БІР ЖОЛЫ

2011 жылдың 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң қабылданды. Бұл құжат медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаты мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Заңға сәйкес, әзірге жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын даулар медиацияның қолдану саласы болып табылады.

Медиация туралы заңның қабылдануы заман талабынан туындады. Медиация демократиялық дамудың аса маңызды өлшемінің бірі. Бұл институттың қолданылуы бір жағынан, қылмыстық саясатты ізгілендіруге жол ашса, екіншіден, процессуалдық үрдісті оңтайландыру қажеттілігімен ұштасады.

Азаматтық істерді қарау барысында медиация сотқа дейінгі сатыларда, яғни істі сот талқылауына әзірлеу барысында және негізгі сот талқылауы барысында басталуы мүмкін. Тараптардың медиация жүргізу жөніндегі келісімі істі тоқтата тұруға негіз болады. Заңмен медиация туралы келісімге келгеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде медиация аяқталуы керек. Медиацияны апелляциялық және кассациялық сатыда да қолдануға болады. Аталмыш заң медиацияның жәрдемдесу моделін бекітті. Бұл модель бойынша медиатор тек шешім шығарып қоймай, дауды шешудің ықтимал жолын ұсынады.

Медиация институты өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Біріншіден, тиімді. Бітістіру рәсімін жүргізілген кезде тараптармен жасалған келісімдер сот шешіміне қарағанда жиі орындалады. Екіншіден, қымбат емес. Медиацияны қолдану сот шығынына жол бермейді, келісімге келген жағдайда төленген мемлекеттік баж Салық кодексінің талаптарына сәйкес қайтарылады.

Үшіншіден, жедел. Қажет болған жағдайда дауды бірнеше сағаттың ішінде-ақ шешіп тастауға болады. Төртіншіден, іскерлік қатынастың сақталуы. Дауды медиация тәртібімен реттеген жағдайда тараптардың іскерлік қатынасы сақталып қана қоймай, одан әрі нығаюы бек мүмкін. Бесіншіден, өзінің мүдделерін қорғау үшін білікті заңгерлерді тартуға мүмкіндігі жоқ «әлсіз» тараптың қорғалуы. Барлығы тараптардың қолында: бітістіру рәсімі арқылы тараптар өздерін қанағаттандыратын татуласу нәтижесіне қол жеткізеді, ал дау сотта қаралған жағдайда шешімді сот қабылдайды. Алтыншыдан, құпиялық. Бітістіру рәсімдері жариялылықтың жоқтығымен ерекшеленеді, бұл өз кезегінде құпия мәліметтердің таралмауын қамтамасыз етеді. Жетіншіден, тараптар мүддесіне бағытталуы. Бітістіру рәсімін қолдану тараптардың нақты мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сегізіншіден, делдалды (медиаторды) таңдау. Бітістіру рәсімін қолданған кезде тараптар дауды реттеуге көмектесетін тұлғаны өздері таңдайды.

Қорыта келе, медиацияны қолдану, яғни ресми іс жүргізудің қажетті элементтерінің жоқтығы психологиялық тұрғыдан оңтайлы ахуал тудырып, тараптар сенімін қалыптастырып, өзара сыйластықты сақтап қалуға зор септігін тигізері сөзсіз.

Анаргүл АХОНОВА
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

№17 (3342)
2 наурыз 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БОС ЖАТҚАН ЖЕР ЖАУ ШАҚЫРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шыны керек, бұл талай қазақты қуантқан, сүйіншілеткен жаңалық болды. Өйткені, Жер кодексіне енгізілген шектеу 2021 жылдың соңына қарай біткен соң, қандай шешім шығады деген алаңдаушылық әркімнің көкейінде жүрген. Жер – қазақтың жаны. Ежелден жер дауы десе, есесін жібермеуге тырысатын қазақтың жерге қатысты түрлі қауесет шыққан соң тіпті мазасы қашты. Сондықтан бұл көптің көкейіндегі күдікті сейілткен шешім болды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы игерілмеген және тиімсіз игерілген жерлерді анықтап, оны алып қою мақсатында мониторинг жасау заңнамалық тұрғыдан бекітілгенін, ғарыштан түгендеу барысында анықталған 12,8 млн гектар игерілмеген жердің 7 млн гектары мемлекетке қайтарылғанын жеткізді. Осы орайда айта кетер жайт, жерді бауырға басып алып, «ешкімге бермеймін, өзім де игермеймін» деп отыра беру жер мәселесін одан әрі ушықтырып жіберетінін байқап отырмыз. Сондықтан алдағы уақытта еліміз үшін жерді тиімді игеру мәселесі маңызды болып отыр. Былтыр Қазақстандағы шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі БҰҰ Конвенциясының ұлттық үйлестірушісі Қайрат Үстеміров: «Қазақстанда шөлейттенген жер көлемі жыл өткен сайын ұлғайып барады. Қазір ел территориясының 180 млн гектардан астам аумағы тозған. Еліміздің 70 пайыз жері шөлейттеніп, топырағы тозып кеткен» деп мәлімдеме жасаған еді. Бір шаршы сантиметр топырақты қалпына келтіру үшін бірнеше мың жыл қажет екендігін ескерсек, жер мәселесіне мән беретін кез жеткенін түсінеміз. Жалпы шет мемлекеттердің талайы топырақты ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлшегі ретінде қарастыруға көшкен. Ресей ғалымдары жерді тиімді пайдаланып, тозып кетуінің алдын алу үшін «Топырақ туралы заң» қабылдау қажеттігі жөнінде ұсыныс айтты.

Жер көлемі бойынша алдыңғы ондыққа кіріп, халық саны бойынша 60-орында тұрсақ та егін егетін жер, мал жаятын жайылым таппай жүрген қазақ көп. Мал ұстағысы келген ағайын ауылға ұмтылғанымен, төрт түлігіне жайылымдық жер, мал азығын дайындауға шабындық жер таппай күйзелуде. Ал егіншілік мәдениетін арттыру, ауыспалы егіс жүйесін игеру, сұрып жаңарту, ғылыми жаңалықтарды қолдану, жайылымдық жерлерді жоспарлау секілді жұмыстар әлі күнге елімізде дұрыс жолға қойылар емес. Жасарыны жоқ пандемиялық кезеңде әлемнің әр түкпірінде азық-түлік тапшылығы сезіле бастады. Мұнай бағасы құбылып қалатын сәттерде де ауыл шаруашылығын дамытпай, «мұртымызы майланбайтынын» жиі айта бастадық. Сондықтан қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын екенін сезініп, соған сай әрекет ете алсақ, кәні...

Сіз не дейсіз?

Тоқтасын ЕЛЕМЕСОВ, экономист:

— Жерді тиімді игереміз десек жолы көп. Ол үшін ғылымның жетістіктерін пайдалана отырып, оның өнімділігін көтеруіміз керек. Ал өнімділікті арттыру үшін жерді баптап, тыңайтқыш себуге мән беруіміз қажет. Мысал келтірер болсақ, елімізде егістік алқаптардың әр гектарына 6-8 кг ғана тыңайтқыш сіңіріледі екен. Алысқа бармай-ақ, іргедегі Ресейге қарасаңыз, бұл көрсеткіш 45 кг құрап отыр. Ал АҚШ-та 135 килоны құрайды екен. Осыдан кейін біздегі өнімділігі төмен жерге не деп өкпелейміз?! Біз Жер-анадан бәрін алғымыз келеді, бірақ бергіміз келмейді. Былтыр Мемлекет басшысы: «Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қоқыс шашып кеткен де, Көбейтұздың батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл — ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз» — деген болатын.

**Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

СУДЬЯЛАР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ НЕГЕ АЗ ЖҮГІНЕДІ?

Елімізде соттардың Конституциялық сотқа жүгіну тәртібін жетілдіру керек. Бұл жөнінде «Конституциялық Кеңесте жалпы юрисдикция соттарының ұсыныстарын қарау» тақырыбындағы онлайн режимдегі халықаралық дөңгелек үстелде айтылды. Алқалы жиынды Конституциялық Кеңес Венеция комиссиясымен бірлесіп, Еуропалық Одақ пен Еуропа Кеңесінің Орталық Азиядағы құқық үстемдігі жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырған болатын.

Қатысушыларға Венеция комиссиясының Президенті Джанни Букиккио және Қазақстандағы Европалық Одақ өкілдігі ынтымақтастық бөлімінің басшысы Йоханнес Стенбек Мадсен құттықтау сөз сөйледі. .

Жиын тізгінін ұстаған Конституциялық Кеңестің төрағасы Қайрат Мәмидің айтуынша, Қазақстан Конституциясында азаматтардың Конституциялық Кеңеске Республика соттары арқылы жанама түрде жүгіну тетігі дәйектелген. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл институттың қазіргі жұмыс істеу деңгейін жағымды деп айту қиын. Соттар құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру жөнінде ұсыныстармен жиі жүгіне бермейді. Былтырғы жылы бұл мәселе бойынша жекелеген Парламент депутаттарының бастамасымен заң жобасы дайындалды.

Шетел тәжірибесінде азаматтарға өздерінің құқы мен бостандығын қозғайтын заңдардың конституциялылығын тексеруге бастама жасауға мүмкіндік беретін конституциялық шағымдар кеңінен таралған. Бұл институт өз деңгейінде тиімді жұмыс істейді. Венециялық комиссия Қазақстан бойынша жасаған қорытындыларында құқықтық актілердің конституциялылығына баға беру бойынша Конституциялық Кеңеске жүгінетін субъектілер санын арттыруға кеңес берді. 2007 жылы комиссия мұндай құқықты адам құқығын қорғау өкіліне беру туралы ұсыныс енгізген. Бұл идея омбудсмен туралы арнайы заң дайындалып жатқанда айрықша назар аударуды қажет етеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, адамның құқы мен бостандығын бұзылуы конституциялық талаптарға жауап бермейтін заңдарды қолданудың салдары болуы мүмкін. Осы ретте мұндай келеңсіздіктердің алдын алудың прогрессивті құралдарының бірі – конституциялық тексеріс.

Соңғы 25 жыл ішінде Кеңеске соттардан құқықтың әртүрлі салаларына қатысты 71 ұсыныс түсіпті. Бүгінде судьялар Конституциялық Кеңеске өте аз жүгінетін болған. Мысалы, 2018 жылы 2 рет, 2019 жылы 1 рет жүгінсе, былтыр олардың тарапынан ешқандай ұсыныс түспеді. Ал, өзге елдерде бұл шараның жиі жүзеге асырылатыны байқалады. Мәселен, Францияның Конституциялық Кеңесі 2010 жылдан бастап судьялардың 1000 ұсынысын қараса, Кореяда тек былтырғы жыл ішінде бұл көрсеткіш 1005-ке жеткен. Осындай шараны жүзеге асыруда посткеңестік елдер де бізден алда тұр екен. Айталық, судьялар Конституциялық Кеңеске Молдовада 2019 жылы 192 рет, Әзербайжанда 12 рет жүгініпті.

Жиында сөз алған Республикалық Адвокаттар алқасы төралқасының мүшесі Айжан Сабиринаның айтуынша, бұл шараның аз жүзеге асуына судьялардың Конституциялық Кеңеске жүгінбей, заң мен құқықтық актіні қолдануға болатынын немесе болмайтынын олардың өздері айқындауы себеп. Бұл шын мәнінде азаматтардың құқы мен бостандығын шектеуден өзге ештеңе емес. Өйткені, заңдардың Конституцияға сай емес екендігі жайлы тараптардың ескертуі мен өтініші көбіне назардан тыс қалады. Бұған дәлел ретінде ол жоғарыдағы статистикалық мәліметтерді келтірді. Осының өзі қазақстандықтардың бұзылып жатқан құқықтарының нақты жағдайға сай емес екенін көрсетіп отыр. Мысалы, аталмыш 71 ұсыныстың 31-іне конституциялық өндіріс қозғалмаған. 14-і бойынша белгіленген заңдық үлгі мен мазмұнға сәйкес емес деген қорытынды берілген. Нақты тәжірибе және статистика елімізде азаматтардың құқын қорғаудың тиімді жүйесін құруды көрсетіп тұр. Ал, адвокаттардың статистикалық мәліметтерінде сотқа берілген өтініштердің санын есепке алатын жеке баған жоқ. Бұл талап Жоғарғы Сотта да ескерілмеген. Адвокаттардың конституциялық сотқа жасаған шағымдарының қанағаттандырылуы жайлы бұқаралық ақпарат құралдарынан ғана білуге болады. Оларда адвокаттардың өздері соттардың іс қарау тәжірибесін белсенді түрде бөліспіп отырады. Сабиринаның сөзінен түйгеніміз, судьялар бастамасы бойынша қолданысқа енген заңдардың конституциялылығын тексеру мүмкіндігін кеңейтудің маңызы зор. Өйткені, күдік туған жағдайда Конституциялық Кеңеске міндетті түрде жүгіну арқылы ғана азаматтардың конституциялық құқы мен бостандығын нақты қорғауға кепілдік жасауға болады. Заң мазмұнындағы кемшіліктер тәжірибеде, оларды жүзеге асыру барысында айқындалады. Оларды дер кезінде анықтау азаматтар құқын әділ қорғауға жол ашады.

Судьялар Конституциялық Кеңеске назар аударуды қажет ететін шағымдарды жолдауға тиіс. Алайда жиында сөз алған Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі аппаратының басшысы Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, бұл тетіктің тиімділігі көбіне судьялардың тәуелсіздігі және конституциялық құқық аясындағы кәсіби дайындығының деңгейіне, Конституцияға сай емес заңдарды анықтау қабілетіне байланысты. Венециялық комиссия осы ретте қатысушылардың құқықтық білім деңгейінің әртүрлі екеніне назар аудартып, тараптардың аргументтеріне қатал талап қоймауға кеңес береді. Қазақстанның процессуалдық кодекстерінде судьяға белсенді рөл берілген. Сондықтан судья тараптарға заңдарға қоятын өз талабын дұрыс көрсетуге, оларды Конституциялық Кеңеске жолдауға міндетті. Осы ретте Нұрмаханов мырза кейбір құқықтанушылардың тараптардың судьяларға Конституциялық Кеңеске жүгіну талап етуі қате, өйткені, бұл олардың тәуелсіздігі мен дербестігіне қол сұғу екендігі жайлы пікірін ортаға салды.

Дөңгелек үстелде өзге де ұсыныстар мен пікірлер ортаға салынды. Олардың бәрі азаматтардың Конституциялық Кеңеске жүгіну тетігін әлемдік прогрессивті тәжірибе негізінде жетілдіру қажет деген ортақ тұжырымға тоқайласты. Талқылау бұл тұрғыда біркатар даулы мәселелерді, олардың шешу жолдарын айқындап берді. Түйіндей келгенде, азаматтар құқы мен бостандығын қорғауда Ата Заңнан айнымау, оның талаптарының қатаң сақталуы кез келген мемлекеттің өркениеттік дамуының нақты мүмкіндігі екендігі сөзсіз. Осы ретте жиында айтылғандай Конституциялық бақылау шараларының жетілуі айрықша маңызға ие. Олай болса арнайы құрылған жұмыс тобына айтылған пікірлерді ескеріп, сындарлы жұмыс жүргізу қажет.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

ОЙТАЛҚЫ

ЖЕРДІ ТИІМДІ ИГЕРУДІҢ ТЕТІГІ ҚАНДАЙ?

(Соңы. Басы 1-бетте)



Болатхан МАХАТОВ, ауылшаруашылығы ғылымының докторы, профессор:

– Жерді еміп өскен оңтүстіктің халқына, жердің жайын білетін шаруаға мемлекеттік қолдау білдірсек, олар ауылшаруашылығы мақсатында жерді қолданып, егін егіп, жем-шөп, сабан, жем әзірлейтін, малды ұрықтандыратын, мал өнімдерін сатып алатын, ветеринарлық көмек көрсететін кооперативтер құрса мемлекетіміз көптеген жетістіктерге жетер еді. Президент жер кадастрының ақпараттық жүйесін цифрландыруды тапсырды. Бұл да сөз жүзінде қалмай, жерді тиімді игеруге мұрындық болса, ұлан байтақ жердің иесі ғана емес, құтқарушысына да айналар едік.

Жер – өндіріс көзі. Бұл мәселені тиімді шешпей, ауылды дамыту мүмкін емес. Сондықтан, өз басым жер мәселесіне көңіл бөлініп жатқанына ризамын. Талай ел жерге зар болып, үйлерінің төбесіне егін егіп, жоқтан бар жасап отыр. Ал біз бар жерді тиімді пайдалана алмай, тоздырып отырмыз. Сондықтан бұл дер кезінде қолға алынған шаруа болды дер едім. Айта кетер жайт, осындай жердің жоқтығынан, аз жерден мол өнім қарпып қалғысы келген елдер өнімдерін улап, бір жылда бірнеше рет өнім алуға тырысып, нәтижесінде құнарсыз өнімді талғажу етуде. Оларға біздегідей табиғи өнім арман. Жемістерді екі топқа бөліп, көп «қинаусыз» пісірген өнім бағасын жоғары бағалап қояды. Сондықтан алдағы уақытта жерімізді тиімді игеріп, табиғи өнімдерімізді экспортқа шығаруға қол жеткізсек, мұнайға байланып қалмайтын күнге жетер едік.

Мұхтар БАЙБАТШАНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты:

– Қазақстан азаматтарына да жерді жекеменшікке емес, жалға беруіміз керек. Осының барлығы айқын көрсетілетін жаңа заң қажет және оны тез арада дайындауға тиіспіз. Жер мәселелерін шешетін арнайы комиссия құрылатыны айтылды ғой. Көңілден шығатын заң қабылдануы үшін ол комиссияның құрамына халық арасынан өкілдер кіргізілуі керек. Жер мәселесінде ашықтық қажет. Әлі де болса жерді жекешелендіріп алып, бірақ, пайдаланбай не салығын төлемей жүргендер бар. Оларды ашық көрсетуіміз керек. Санаулы уақыт ішінде жерін игермесе, қайтарып алу жолдарын заң жүзінде пысықтап алған жөн.

Жерді тиімді игермесе сырттан көз алартушылар көбейеді. «Бос жатқан жер жау шақырады» деген сөз бар. Сондықтан жерді босқа жатқызбай тиімді игеруге күш салу бүгінгі күннің басты талабы дер едім. Жерді нағыз жұмыс істейтін адамдарға беріп, тиімді пайдалануы үшін бақылау мен қолдауды арттырсақ дұрыс болар еді.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ

МІНБЕР

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАШАНДА ӨЗЕКТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қамбар НҰРЫШЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы

Дауларды көнекөз қариялардың дана сөзімен шешу бүгінгі күні Билер кеңесі арқылы жүзеге асырылуда. Сот жүйесінде олар дауларды сотқа дейін шешудің баламалы түрі ретінде қолданылып келеді. Соңғы жылдары тараптардың татуласу келісімімен шешілетін істердің саны республика көлемінде артты. Бұл халық арасында дауларды сотпен емес, бітіммен шешу мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын, сөзге тоқтау, үлкендерді құрметтеу сынды құндылықтардың әлі де жойылмағанын көрсетеді.

Орайы келгенде айта кеткен жөн. Құқықтық сауаттылықты арттыру барысында елімізде көптеген нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Құқықтық көмек жүйесін жетілдіру, оның қолжетімділігін қамтамасыз етуге шаралар қолданылуда. Бұл шаралар пәрменді болуы үшін олар жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Адамның құқықтық білімі мен құқықтық тәрбиесі, ішкі нанымы құқықтық мәдениетінің «іргетасы» саналады. Әрине, ол ең алдымен адамның өзіне және отбасынан, ата-анасынан алған тәрбиесіне байланысты. Отанын, отбасын құрметтеген адам заңды ешқашан бұзбайды. Құқықтық мәдениетті арттыру үшін балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін құқықтық білім беруге көңіл бөлуі тиіс. Әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жоғары болуы қажет. Ал тұлғаның құқықтық санасы жоғары болса, онда олар тәртіпсіздікке ұрынбайды, қылмысқа бармайды және жанындағылардың да теріс жолға түспеуіне әсер етеді, заңды сақтайды, қоғамға, қоршаған ортаға қауіптілігін туғызбайды. Сондықтан мемлекет үшін басты құндылық – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру қашан да өзекті.

Қазалы аудандық сотының ашылуы

Билер кеңесінің азаматтарды қабылдауы

АЙТАРЫМ БАР

ӘДЕПТІЛІК ҮЛГІСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІДЕН БАСТАЛАДЫ

Кәсіби білікті кадрлар – мемлекеттік қызметтің заман талабына сай тез дамуын, уақытпен бірге жүріп отыруын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, мемлекеттік қызмет саласы – халыққа қызмет көрсетуші, халықпен тікелей байланыстағы қызмет екенін ескерсек, тек кәсіби маман болып қана қою жеткіліксіз. Мемлекеттік қызметші халықпен араласу мен қатынас жасай білу мәдениетін қалыптастырып, әрдайым әдеп нормаларын сақтауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Мөлдір АСАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл

Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты іс мемлекеттік қызметшілерге жүктелетінін әрбір маман Отанға берер антындай білу керек. Ал, бүгінде мемлекеттік қызметті мінсіз ету үшін аз жұмыс жасалып жатқан жоқ.

Ең бірінші қызметке жаңа келген жас мамандар тестілеуден бөлек, үш күн ішінде Әдеп кодексімен танысып, ондағы ереже-заңдарды қатаң ұстануы керек.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі міндеттерінің бірі ол мемлекеттік қызметшілерге консультациялық көмек көрсету. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер әртүрлі себептерге байланысты, жұмысының ауқымдылығы, жұмыс өтілінің аздығы салдарынан, кейбір ситуациялық жағдайда көмек, кеңесті қажет етеді, кейде жұмыс барысында шешім қабылдауда немесе өз құқықтарын қорғауда кібіртіктеп қалады. Міне, осы тұста уәкілдің міндеті – мемлекеттік қызметтегі, сыбайлас жемқорлықпен күрес заңнамаларындағы өзгерістерді, Әдеп кодексінің талаптарын түсіндіру. Консультациялық көмек әрбір қызметкерге жеке-жеке көрсетіледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл өзінің жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, қарым-қатынасы арқылы өзгелерге үлгі болуға тиіс және саладағы әрбір маманмен тығыз қарым-қатынас орната отырып, оларды тәрбиелеу, ізгілікке баулуда, тек маман тұрғысынан емес, адами тұрғыдан дамуға бағыт беруге міндетті.

Қызылорда облыстық сотының сайтында әдеп жөніндегі уәкілдің қабылдау кестесі жарияланған, әр айдың екінші аптасында сағат 16.00 мен 18.00 аралығында кез келген мемлекеттік қызметші өзін толғандырып жүрген сауал бойынша келіп, кеңес алуына болады.

Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде мемлекеттік қызметшілер арасында қылмыстық, әкімшілік тәртіптік жауапкершіліктердің алдын алу мақсатында әңгімелесулерді ұдайы өткізіп отырамын. Қазіргі уақытта бұл шаралар онлайн форматта өткізілуде.

ҮЗДІК СУДЬЯ

ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН – **ӘЛИЯ**

Сот залы. Жиналғандар үнсіз ғана сот үкімін күтуде. Орындықтардың дәл алдында, «баламның тағдыры не болады» деп алаңдаған ақ жаулықты ана отыр.

Заң алдында бәрі бірдей. Қылмыстың өтеуі – жаза. Көп кешікпей хатшы судьяның келе жатқанын хабарлады. Бәрі орнынан тұрып, құрмет білдірді. Судья қадамын нық басып келеді. Дегенмен ішкі жандүниесі алай-дүлей. «Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шешім шығару мүмкін бе? Көп сұраққа жауап таппай, айыптының анасына да жаны ашып тұр. Әйтсе де, бойындағы нәзіктік, жүрегіндегі аяушылықты жиып қоюы керек. Мінберіне жайғасқан судья сот үкімін өктем дауысымен оқыды. Ағаш балғасы «тарссс» етті...

Бұл біздің бүгінгі кейіпкеріміз Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық сотының төрағасы Әлия Түбекбаева түйіндеген бір ғана іс. Әлия сот жүйесінде 1998 жылдан бастап еңбек етіп келеді. Еңбек жолын Сырдария аудандық сотында сот отырысының хатшысы болып бастады. Әр жылдары Қызылорда қалалық, облыстық соттарында жетекші маман, бас маман қызметтерін атқарған. Кейін саладағы ізденісін арттырып, Әділет біліктілік алқасына емтихан тапсырып, судья лауазымына резервке алынды. Сот жүйесінде он алты жыл табан аудармай қызмет етіп келе жатыр, 2014 жылы Президент Жарлығымен Қызылорда облысының Шиелі аудандық сотының судьясы болып тағайындалды. Әлия еңбекқор ғана емес, барлық істе белсенді жан. Бұл қырларын аңғарған басшылық оны аудандық сотта жалпы юрисдикция сотының судьясы ретінде еңбек етумен қатар, елімізде тұңғыш енгізілген тергеу судьясы институтының үш жыл қатарынан тергеу судьясы етіп бекітті. Мұнан өзге баспасөз-үйлестіруші, Қызылорда облыстық сотының Аймақтық оқу орталығы үйлестірушісінің оңтүстік өңір бойынша көмекшісі қызметтерін қатар алып жүрді. Соңғы 3 жылда Қызылорда облысы соттарының Судья әдебі жөніндегі комиссиясының мүшесі. Бұл қызметтерді жетік меңгергенінің нәтижесінде, Әлия Бердібекқызы облыстық сотпен ұйымдастырылған баспасөз қызметін үйлестіруші судьялар арасында

өткізілген сайыста жүлделі екінші орынды иеленген. Әріптестер арасында өз орнын тапқан Әлия Шиелі, Жаңақорған, Жалағаш, Сырдария аудандық соттары судьяларының біліктілігін арттыруға бағытталған оқып-үйрену шараларын ұйымдастырып, білімдерін жетілдіруге өз үлесін қосты.

Халқымызда «Тектіден текті туады» деген сөз бекер айтылмаса керек. Әлияның әкесі Бердібек пен атасы Шаймағанбет те ауылдық кеңес төрағасы қызметін атқарған. Ал жетінші бабасы Жәрімбет би Сыр бойына белгілі би, әулие болған кісі екен. Ол кісінің ел арасындағы дауларды шешудегі турашылдығы, әділдігі ел аузында аңыз болып әлі күнге дейін айтылады. Ауыл тұрғындары өздерінің арасында туындаған кикілжің, даулармен Әлияның атасына, ол кісі дүние салған соң әкесіне жүгініп, өз кезегінде ол кісілердің дауға билік айтып, дауласушы тараптарды татуластырып жіберетін сәттері жас судьяның балалық шағының тәтті естелігі.

Әлия Түбекбаева – Жалағаш ауданы Ақкыр ауылының қызы. Ол өзінің құқық саласындағы әділ де жемісті еңбек етуін бойындағы ата-анасы берген тәрбиемен байланыстырады. Әкесі Бердібек Шаймағанбетұлы, анасы Жүрсін Әбіләкімқызы саналы ұрпақ тәрбиелеп, жеткізген ұлағатты жандар. Әлия білімді де, білікті жан. Алғаш ауылындағы №188 орта мектепте және Қызылорда қаласындағы №1 қазақ гимназиясынан білім алған. Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университеттің филология факультетін, кейін Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің заң факультетін заңгер мамандығы бойынша бітірген. Алғашқы мамандығы мұғалім болғандықтан шығармашылыққа жаны жақын. Республикалық, аудандық басылымдарға халықты құқықтық сауаттандыру мақсатында мақалалар жариялап отырады. Жаңа қабылданған заңнама талаптарын халыққа түсіндіру, сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуде елмен етене байланыста. Бос уақытында кітап оқып, ән салады.

Әлия қай істі қолға алса да өзінің табандылығымен тас түйін етеді. Бүгінде аудандық сотта сот төрелігін жүзеге асырумен қатар түрлі құқықтық насихаттар, мәдени-спорттық іс-шараларды шебер ұйымдастырады. Атап айтқанда, отбасылық сот пилоттық жобасы аясында «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбындағы, «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасы аясында медиация күніне арналған түрлі шараларды өткізіп, халықтың сотқа деген сенімінің артуына үлес қосып келеді. Сондай-ақ, соңғы екі жыл қатарынан Тәуелсіздік мерекесі күні қарсаңында ауданның құқық қорғау, прокуратура, сот саласының, т.б. орган өкілдерінің қатысуымен спорттық ойын түрлерінен сайыс өткізуді жолға қойды. Кейіпкеріміздің өз қызметіне деген адалдығы, жауаптылығы әркез жоғары бағаланып келеді. Әр жылдары Шиелі, Жаңақорған ауданы әкімдерінің, Қызылорда облысы әкімінің алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы Судьялар одағы төрағасының алғыс хаттарымен марапатталды. «Менің арманым – елдің тыныштығы, халықтың бейбіт өмір сүруі. Тәуелсіз еліміздің өркендеп, дамуына үлес қосу. Халықтың сотқа деген сенімін қалыптастыру, еліме адал қызмет ету», – дейді кейіпкеріміз Әлия Бердібекқызы. Әділдік пен адалдықты ту еткен нәзік жанды сот төрағасына біз толайым табыс тіледік.

Гүлбану МАҚАЖАН
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

- ✓ **ҚЫЗЫЛОРДА облысы соттарына 2020 жылдың 12 айында 18 012 талап қою арызы; 9 315 әкімшілік іс; 1354 қылмыстық іс түскен.**

  2717 сот бұйрығы қабылданған. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен 3 443 іс қаралған. Электрондық форматта 787 қылмыстық іс түскен.

- ✓ **ҚЫЗЫЛОРДА облысы соттарында есепті кезеңде медиация тәртібімен; 1064 азаматтық іс 593 әкімшілік іс; 151 қылмыстық іс; 23 іс партисипативтік рәсім тәртібімен; 225 іс татуласу келісімімен қаралды.**

- ✓ **ҚЫЗЫЛОРДА облысы соттарына 2020 жылдың 12 айында неке бұзу санаты бойынша 2449 талап қою арызы түскен; оның 1443-сі қанағаттандырылған; 6 іс қанағаттандырусыз қалдырылған; 415 іс татуласу рәсімдерімен аяқталған.**

- ✓ **АТА-АНА ҚҰҚЫНАН ШЕКТЕУ санатында 25 талап қою арызы түскен; 16 іс қанағаттандырылған; 5 іс қанағаттандырусыз қалдырылған. Ата-ана құқынан айыру санаты бойынша 83 талап қою арызы түскен; Оның 48-і қанағаттандырылған; 15 іс қанағаттандырусыз қалдырылған.**

- ✓ **ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНА ҚАТЫСТЫ 399 қылмыстық іс түскен; Оның ішінде, 427 адамға қатысты 393 іс аяқталған; 207 адамға айыппұл салынған; 79 адам бас бостандығынан айырылған; 1 адам ақталған; 32 адамның бас бостандығы шектелген; 74 адам қоғамдық жұмысқа тартылған; 23 іс прокурорға қайтарылған; 9 іс соттылығы бойынша жолданған; 2 іс қысқартылған.**

СОТЫНЫҢ БҮГІНГІ БЕТ-БЕЙНЕСІ

ҚЫЗМЕТ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы

Соттардың үздіксіз жұмысын толықтай ұйымдастырып, материалдық жағынан қамтамасыз ету – соттар әкімшісінің негізгі қызметіне жатады.

Қызылорда облысы соттарының материалдық-техникалық базасы талапқа сай деп айтуға толық негіз бар. Қалыпты жұмысты қамтамасыз ету мақсатында судьялар мен мамандар тиісті құралдар орнатылған қажетті бөлмелермен қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен қолға алынған жеті жоба саланың қарыштап дамуына септігін тигізді.

Қызылорда қаласының мамандандырылған Әкімшілік соты республика бойынша әкімшілік істерді қабылдап, карауды толықтай электронды форматқа көшірген алғашқы сот. 2019 жылдан бастап істерді 100 пайыз электронды түрде қабылдап, цифрлы форматта қарап келеді. Айта кету керек, бұл жұмыстарды ұйымдастыруда кеңсе меңгерушісі Айгүл Аблаеваның еңбегі зор. Сонымен бірге, 2019–2020 жылдан бастап электронды форматқа толықтай көшірілген соттардың кеңсе меңгерушілері, яғни Жаңақорған аудандық соты – Бибайым Нәлібаеваның, Арал аудандық соты – Зина Сермағанбетованың, Қазалы аудандық соты – Беккожа Махамбетәлидің, Сырдария аудандық соты – Роза Сүлейменованың, Жалағаш аудандық соты – Аян Алтынбаевтың ұйымдастыруымен қол жеткізген ерекше еңбектерін атап өту керек.

Соттар істі электронды түрде қарап, іс бойынша қабылдаған сот актілерін аталған жүйеге енгізеді. Көзделген мерзімде сот орындаушыларға да істі электронды түрде жолдайды. Бұл әдіс тек сот жүйесіне ғана емес, барлық мемлекеттік органдарға қағаз бастылықтан арылуға, уақытты үнемдеуге, жүйе жұмысының ашықтығын арттыруға мүмкіншілік беріп отыр.

2020 жылы 9315 әкімшілік іс түссе, оның 9261-і, яғни 99,4 пайызы электронды форматта түскен. Ал 2019 жылы 10965 әкімшілік іс, оның 10672-сі электронды түскен. Бұл 99,7 пайызды құрайды.

Қызылорда облысы соттарында 2020 жылы түскен 18012 талап арыздың 15307-сі, яғни 85 пайызы электронды түрде түсіп тіркелді. 2019 жылы бұл көрсеткіш 67 пайызды құраған. Сондай-ақ, жеңілдетілген тәртіппе шешілуге жататын талап қою арызының 98,5 пайызы электронды түрде түсіп, электронды сот өндірісі арқылы аяқталған. Электрондық форматта 787 қылмыстық іс түскен. Бұл 60,2 пайызды құрайды.

Сот отырыстарына мобильді қосымшалардың көмегімен қашықтан қатысуға болады. Мұндай мүмкіндік азаматтардың уақытын үнемдейді, сот отырысының уақтылы өткізілуін қамтамасыз етеді. Әсіресе, қазіргідей карантиндік шектеулер кезеңінде заманауи технологиялар өзінің тиімділігін дәлелдеп, кез келген істе таптырмас құрал екендігін көрсетуде.

Сот отырыстары өткізілетін залдардың барлығы бейне және дыбыс құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Бұл дегеніміз – процеске қатысушы әрбір адамның құқықтары қорғалады деген сөз. Сот процестеріне жаңа технологияларды қолдану сот төрелігінің ашықтығы мен айқындылығын айшықтап, хаттама сапасын арттырады.

2020 жылдың 16 наурызынан бастап пандемия кезінде барлық соттарда сот отырыстары қашықтан «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» тағы басқа бағдарламалар арқылы өтті. Өткен жылы 19556 сот отырысы онлайн жүйеде жүргізілген. Демек, күн сайын 100-120 сот отырысы онлайн режимде өткізіледі деген сөз. Яғни, сот мәжілістері бір күнге де тоқтаған жоқ. Бұл сот мамандарының тынымсыз қызметтерінің арқасында қол жеткізілген үлкен нәтиже. Айтып өту керек, Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ақпараттық технологиялар және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімінің басшысы Шыңғыс Аманқұлов пен сот хатшылары Мирамкүл Жакупова, Гүлманат Нәрікбаева, Жаңыл Қасымова, Гүлнар Таженова, Алмасқұл ЖұмағамбетоваларДың еңбегі зор.

Бүгінгі күні онлайн режимінде сот процестеріне қатысушы кейбір тараптардан мобильді бейнеконференц байланыс сапасының нашарлығы туралы келіп түсетін шағымдар да жоқ емес. Алайда, қашықтан өткізіліп жатқан сот процестерінің сапасы процеске қатысушылардың интернет жылдамдығына тікелей байланысты.

Соттардағы жаңашылдықтарды халыққа насихаттап, толықтай жеткізуде соттардың кеңсе меңгерушілері Қармақшы аудандық соты Ербол Мәтжанов пен Байқоңыр қалалық соты Жанар Тәжімбетованың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Айнұр Қайбалдиеваның, қалалық №2 сотынан Мадина Жүсіпбековамың, қалалық соттан Нұрила Дүйсенованың, мамандандырылған экономикалық сот ұжымының біліктілігі мен кәсібилігін айтып өткен жөн.

Біздің міндетіміз сот төрағаларымен бірігіп, судьялардың алаңсыз қызмет етуіне жағдай жасау.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

✓**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ қылмыстарына қатысты 45 қылмыстық іс түскен; оның ішінде 59 адамға қатысты 52 іс аяқталған; 40 адамға қатысты 30 іс бойынша үкім шығарылған; 12 адамға қатысты 7 іс прокурорға қайтарылған; 11 адамға айыппұл жазасы тағайындалған; 17 адам бас бостандығынан айырылған; 12 адам шектеу жазасына сотталған.**

✓**АЛАЯҚТЫҚ САНАТЫНДАҒЫ қылмыстық істер бойынша – 123 іс аяқталған. 81 сотталушыға қатысты 74 іс бойынша сот үкімі шығарылған; 20 адамға қатысты 12 іс прокурорға қайтарылған; 32 адамға қатысты 31 іс қысқартылған; 25 адам бас бостандығынан айырылған; 48 адамға бас бостандығынан шектеу жазасы – тағайындалған. 1 адам айыппұлға; 1 адам қоғамдық жұмыс жазасына сотталған; 1 адамға ақтау үкімі шыққан; 5 адам жәбірленушімен татуласуына және келтірілген зиянды қалпына келтіруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған.**

✓**ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ азаматтық істер жөніндегі сот алқасына: 1 350 азаматтық; 220 әкімшілік іс; облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына 170 қылмыстық іс түскен.**

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

Отбасы орталығының ашылуы

Оң нәтиже

АШЫҚТЫҚ – АБЫРОЙ КЕПІЛІ

Қызылорда облыстық соты – сенім мен жауапкершілік жүгін арқалап. жемісті еңбек үлгісін көрсеткен үлкен ұжым.

2020 жыл – сот жүйесінде «Сапалы коммуникация жылы» болып жарияланды. Заман ағымына қарай еліміздің сот саласы ақпараттық технологиялардың көмегімен жұмыс жасауға көшті. Бүгінгі күні іс құжаттары, талап арыздар мен өтініштер «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы қабылданып, сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуде. Қазіргі таңда атқару парақтары, құжат айналымдары жүз пайыз электронды нұсқада дайындалады. Соттардағы құжат айналымдары «Төрелік» ақпараттық жүйесі, ал мемлекеттік органмен «Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі» арқылы жүреді. Қызылорда облысы соттарында «QR code» арқылы сот қызметтеріне қол жеткізуге бағытталған арнайы базалық топтама жасақталған. Халықпен кері байланыс орнату деңгейі көтеріліп, жұмыс сапасы арта түсті. Қызылорда облыстық соты әлеуметтік желілердегі өз парақшасы арқылы халықты үздіксіз ақпараттандырып келеді. Сот қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтармен әлеуметтік желілер арқылы байланыс орнату тәжірибесін одан әрі жетілдіру үстінде. Пандемия уақытында соттардағы іс-шаралар онлайн өтуде.



Фронт-кеңселерден көрініс

БІТІМ

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ БӘРІНЕН БИІК

Гүлнар ТИШТЫҚБАЕВА,
Қызылорда қалалық сотының татуластырушы судьясы

Қоғамда ата дәстүрге жат әрекеттердің белең алып, тіпті кейде санаға сыймас олқылықтардың болып жатқаны рас. Солардың бірі – кәрі ата-анасын қарттар үйіне өткізу. Үкілеп өсірген баласы қартайған шақта ата-анасына қамқорлық жасамаса, құзырлы мекемелер арқылы ол балаға ескерту жасалып, қажет болғанда шара қолдану да соңғы кездері қарастырыла бастады.

«Баламның табанына кірген тікен маңдайыма қадалсын» деген ананың бүгінде баласын сот арқылы жауапқа тартуы, ата-анасына қамқорлық жасау міндетін мемлекет еске салуы – жүрекке ауыр, түйсікке оғаш тиетін жағдай.

Әңгімемізге арқау болған ана да, жалғыз ұлдың тілеуімен осылай қалаға келіп, панасыз қалған. Жаны қысылып, жанталасқан ана баласының ана алдындағы парызын еске салмақ болып алимент өндіру туралы талап қою арызымен сотқа жүгінді.

Бабаларымыз ел арасындағы дау-дамайды ақсақалдар алқасымен шешіп, тура би мен төбе билер арасында реттестіріп отырғаны тарихтан белгілі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен аудандық және оған теңестірілген соттарда татуластырушы судьялар белгіленіп, олар сотқа талап арыз қабылданғанға дейін тараптарды татуластыруға жұмыстар атқаруда. Сотқа түскен кезекті талаптың бірі – абдыраған ананың арызы татуластырушы судьяны таң қалдырды. Анасының өз баласымен сот арқылы тілдесуі, туған баласын сот арқылы жауапқа шақыруы – бұрын-соңды кездесе қоймаған құбылыс. Судья мүмкіндігінше ана мен баланы татауластырып, анасын қолына алуды ұсынды. Бұл уақытта ер азамат жан-жарының анасын, яғни енесін қолына алған екен. Сонда анадан ананың артығы не? Кемдігі не? «Өз анаңды да қолыңа алып бірге отыр» деген ұсыныcқа ер азамат күмілжіп, ұяла отырып келіскендей сыңай білдіріп, «сәл кейінірек қолыма аламын» деді.

Мән-жайды кеңірек түсіну үшін лажсыз осындай әрекетке жеткен ананың басқа да балалары туралы сұрастырғанда екі қыз баласы тұрмыста, өз алдына отау құрғаны анықталды. Өз ұлынан қорған таппаған бейбақ күйеу баланың қолына қайдан барсын, шалғай ауылдағы жат жұрттық болған қыздың соңынан баруды жөн көрмейтінін арыз-шағымында айтқан екен.

Ауылдағы қара шаңырағын сатып, қаладағы ипотекаға алынған үйдің бастамасына алғашқы жарнасы ретінде сол ақшасын салған ананың өз күтіміне жауапкершілікте болуын нақ ұл баласынан талап етіп отырғаны да әділдікке бір табан жақын-ау.

Не десек те, бала тәрбиесіне келгенде біз ұлттық құндылықтар, ата мен бала міндеттері туралы көптеген жақсы жобалар, бұқаралық ақпарат құралдарында жақсы хабарлар жүргізілетініне куә боп жүруші едік. Қоғамда мына сөз етіп отырған жағдайдың орын алуына не себеп дерсің?! Әңгімеміздің кейіпкері болып отырған ана мен отбасылы баланың қарым-қатынасының үзілгеніне де бір жылдай уақыт өтіпті.

Бала тәрбиелеп отырған татуластырушы судья да ет пен сүйектен жаралған адам ғой, бұл мән-жайға судья ретінде емес, адами қарым-қатынас, парыз, қарыз тұрғысынан келіп, екі тарапты татуластыруға барын салды. Нәтижесінде олар ортақ мәмілеге келді, араларындағы дау бейбіт жолмен реттелді. Тараптар татуласуға қол жеткізіп, баласы анасына пәтер алып беруге уағдаласты. Дегенмен, ананың көңіліндегі кір кетер ме?

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Талғат ШАЯХМЕТОВ,
Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі

ЗАҢДЫ БІЛСЕҢ – ЗАРДАП ШЕКПЕЙСІҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұрлыққа төрт түліктің қараусыз қалуы басты себеп. Мәселен, 2020 жылы еркін жайылымдағы малды ұрлаудың 191 оқиғасы тіркелген. Өзіңіз атап өткендей, малды қараусыз қалдырудың зардабы аз болмай тұр. Жолға шығып кеткен малдың кесірінен жол апаттары орын алуда. Былтырғы жылы осындай 9 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, одан 1 адам мерт болып, 17 адам жарақат алған.

Жасалған мал ұрлықтары, сондай-ақ қылмыс жасау әдісі, тәсілі, уақыты бойынша талдау тұрақты жүргізіледі. Бейнекамера орнататын орынды белгілеу және патрульдік жасақ бағытын, бекетін қайта орналастыру бойынша қосымша іс-шаралар әзірленді. Бұдан бөлек жергілікті жедел алдын алу шарасы жүргізіледі. Атап айтқанда, облыс көлемінде «Мал ұрлығы» шарасын өткізу дәстүрге айналған. Шара барысында мал ұрлығын жасағаны үшін облысымыздың 122 тұрғыны ұсталып, 129 мал ұрлау фактісі ашылды. Жоғалған 342 мал иесіне қайтарылған.

Жергілікті атқарушы органдармен және сауда объектілерінің (базарлар, сауда орталықтары) әкімшіліктерімен өзара бірлесіп, ұрланған мүлікті сатып алу және өткізу фактілеріне жол бермеу мақсатында жұмыс жүргізілуде. Былтыр ӘҚБтК-нің 406-бабына сәйкес 499 заңбұзушылық анықталып, аталған заңның 408-бабы бойынша 3588 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ұрлықтың алдын алу мақсатында иесіз мал үшін тұрақтар құру бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта 262 тұрақ ұйымдастырылды. Өткен жылы осы айып тұрақтарына 18 651 мал қамалды. Сонымен қатар малдың ұрлануына және жоғалуына жол бермеу үшін атқарушы органдармен бірлесіп, ауылды жерлерде тұрақты негізде тұрғындар жиыны өткізіледі. Осы жиындарда мал ұрлығының алдын алу, ұжымдық жайылымды ұйымдастыру, қораны бекіту, төрт түлікке уақытылы ен салу және оларды таңбалау мәселелері қаралады.

– Полиция қызметкерінің теріс іс-әрекетіне қайда шағымдануға болады?

– Теріс іс-әрекетке куә болсаңыз облыстық Полиция департаменті бастығының атына шағымдана аласыз. Департамент мекенжайы: Өскемен қаласы, Шәкәрім даңғылы, 1 үй. Сонымен бірге 8(7232) 23-43-32 сенім телефонына хабарласып, ақпарат қалдыруға мүмкіндігіңіз бар.

– Сақшылар азаматтарды Полиция департаментінде қанша уақыт ұстай алады?

– ҚПК-нің 131-бабына сәйкес, қандай да бір қылмысқа қатысты күдікті ретінде полиция бөлімшесіне жеткізілген азамат – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелеттік жасқа толмаған болса – жиырма төрт сағатқа ұсталуы мүмкін. Сонымен қатар, төмендегі жағдайларды қоспағанда азаматтарды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға жол беріледі. Атап айтсақ:

1) аса ауыр қылмыс жасады;

2) террористік немесе экстремистік қылмыс жасады;

3) жаппай тәртіпсіздіктер барысында қылмыс жасады;

4) қылмыстық топ құрамында қылмыс жасады;

5) есірткінің, прекурсорлардың, психотроптық және сол тектес заттардың заңсыз айналымына байланысты, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстар, сондай-ақ адам өліміне әкеп соққан қасақана қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған жағдайларда;

6) Төтенше жағдай кезінде күдіктіні істі тергейтін судьяға уақытылы жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

– Мәселен, төбелес кезінде балта, күрек, бейсбол битасы қолданылды дейік. Аталған заттар суық қаруға жата ма? Егер солай болса, оны пайдаланған адамға қандай жауапкершілік қарастырылған?

– Белгілі бір затты суық қаруға жатқызу туралы мәселе тек сот-медициналық сараптама нәтижелері бойынша шешіледі. Мысалы оқ ататын, газды қаруды, пышақтарды, кастеттерді және өзге де суық қаруды, не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы бейімделген басқа да заттарды қолданып немесе қолдануға әрекет етіп, бұзақылық жасаған (ҚР ҚК-нің 293-бабы) кезде үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

– Азаматтардың өтініштерінің қаралу мерзімі қандай?

– Азаматтардың өтініштерін қарау мерзімі 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңның 8-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Сол бапта көрсетілгендей өтінішті қарау мерзімі мынадай.

1) Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін жеке және заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады.

2) Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

3) Өтінішті қарау мерзімін субъектінің басшысы немесе оның орынбасары ұзартады.

4) Егер өтініште баяндалған мәселелерді шешу ұзақ мерзімді талап етсе, онда өтініш түпкілікті орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады, бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

5) Қазақстан Республикасының заңдарында өтініштерді қараудың өзге де мерзімдері белгіленуі мүмкін.

– Өңірімізде ит төбелестіретіндер бар. Мамандардың айтуынша, бұл ит тұқымын жақсарту үшін қажет. Осындай жарыс өткізу заңды ма? Егер заңсыз болса, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға қандай жауапкершілік қарастырылған?

– Ит төбелестіріп, жарыс ұйымдастыру – заңға қайшы. Осындай шараны өткізген немесе оған қатысқан азаматтар ҚР ҚК-нің 316-бабына (Жануарларға қатыгездік жасау) сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Заңда көрсетілгендей, жануарлардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соқтыратын қатігездік жасау, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен істелсе немесе балалардың көз алдында жасалса – 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартылып, не болмаса отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынумен жазаланады. Алдын ала сөз байласу арқылы топ болып жасалған немесе бірнеше мәрте қайталанған қылмыс – 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылып, не болмаса елу тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынумен жазаланады.

Ит төбелестіріп, жарыс ұйымдастыру – заңға қайшы. Осындай шараны өткізген немесе оған қатысқан азаматтар ҚР ҚК-нің 316-бабына (Жануарларға қатыгездік жасау) сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Заңда көрсетілгендей, жануарлардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соқтыратын қатігездік жасау, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен істелсе немесе балалардың көз алдында жасалса – 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартылып, не болмаса отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынумен жазаланады

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
«Заң газеті»
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ҚАУПІ ЗОР

Діни экстремизм мен терроризм тұтас елге қауіпті. Ғаламдық қауіп-қатер қоғамға саяси, экономикалық, моральдық шығын әкеліп, үрей тудыруда. Әсілі, терроризм қаупі XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап күшейе түсті. Әлемнің көптеген аймақтарында экстремистік топтар мен ұйымдар қанқұйлы терактілер жасау арқылы өз мақсатына қол жеткізгісі келді. Бүгінгі күні жаһанда 500-дей экстремистік ұйымның бары белгілі болып отыр.

Соңғы жылдары біздің елімізде де дін атын жамылған содырлық әрекеттер орын ала бастады. Республиканың батыс және оңтүстік аймағында орын алған лаңкестік оқиғалардың мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіргені рас. Мемлекет діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін ең алдымен оның құқықтық негізін жетілдіруі қажет. Осы тұрғыда төмендегі мәселелер өз шешімін табуы тиіс деп білеміз:

Біріншіден, республикадағы соңғы тіркелген лаңкестік оқиғалардың орын алуының себебіне үңілгенде терактіні ұйымдастырушы содырлардың діни ақпаратты бейресми орындардан (құжыра, пәтер) алып, теріс діни түсініктермен қаруланғаны мәлім болды. Олай болса, лаңкестіктің алдын алу үшін экстремизмге шақыратын теріс діни (бейресми) уағыз-насихаттардың жолын кесу қажет. Осы тұрғыда Әділет министрлігінде тіркелген діни бірлестіктер мен арнайы лизенциясы бар діни қызметкерлерге ғана діни уағыз-насихат жүргізуге рұқсат берген жөн. Мысалы, ислами діни уағыз-насихаттары мешіт мінберінде атаулы діни іс-шаралар (мәуліт, ораза, құрбан айт, жаназа және т.б. діни рәсімдер) барысындағы арнайы рұқсаты бар имамдар тарапынан айтылғаны абзал.

Екіншіден, діни экстремизм мен терроризм идеяларының таралу жолына бөгет қоюды құқықтық тұрғыда нығайту қажет. Ол үшін діни экстремистік ақпарат тарататын ғаламтор сайттары мен әлеуметтік желідегі аккаунттарды бұғаттап, әдебиеттердің таратылмауының ұтымды жолын қарастыру керек. Қазір арнайы құзырлы мекемелер діни нысанға 30 күн ішінде сараптама жасап, оң немесе теріс қорытынды берумен аталмыш діни ақпарат немесе әдебиеттің ел аумағында таралу мүмкіндігін анықтайды. Алайда, осы уақыт ішінде ғаламтор немесе әлеуметтік желіде тарап кеткен діни ақпарат азаматтарды теріс жолға жетелеуі әбден мүмкін. Сол себептен, күмәнді діни ақпараттың таралуының алдын алу үшін сараптама уақытын мейлінше қысқарту қажет. Немесе күмәнді діни ақпараттың сараптама қорытындысы шыққанға дейін таратылуын шектеген жөн.

Үшіншіден, алғашқы дін еркіндігін жариялаған тоқсаныншы жылдары қазақстандықтардың шетелде діни білім алуына жол берілді. Алайда, шетелде діни білім алған кейбір азаматтар елге оралған соң қазақтың дәстүрлі діни танымына қайшы ұстанымды насихаттап, рухани тұтастыққа жарықшақ түсіре бастады. Қазір ел ішінде әртүрлі діни көзқарасты ұстанушы топтардың ашық және астыртын жұмыс жасап жатқанын айтпай кетуге болмайды. Бұл теріс діни құбылыстың Қазақстан халқының бірлігін сақтауға кедергі келтіретіні түсінікті. Ал, оның алдын алу үшін діни білім алудың кешенді бағдарламасын түзу қажет.

Бүгінгі таңда, құзырлы орындар діни білім алуға болатын шетелдік оқу орындарының тізімін бекітті. Әйтсе де, кейбір азаматтардың шетелге туристік мақсатта сапарға шығып, рұқсат етілмеген діни оқу орындарда білім алғаны белгілі болып отыр. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін шетелде діни білім алу мәселесін қадағалауды әлі де күшейте түсу керек.

Төртіншіден, ҚР заңдарына сәйкес діни экстремистік және террористік іс-әрекет жасады деп айыпталатын адамды «экстремист», «террорист» ретінде танудың құқықтық критерийлерін жетілдірген абзал. Діни дүрдараздықты тудырып, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен адам өміріне қауіп төндіретін іс-әрекеттермен қатар, қазақстандықтардың тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрін діни үкімдермен қаралайтын (харам, бидға, ширк, куфр) амалдарды да экстремистік деп тану керек. Қазір деструктивті діни бағытты ұстанушы азаматтардың «салт-дәстүрді ұстану – бидға», «келіннің сәлем салуы – ширк», «зиярат жасау – куфр» деп қарастыруы және т.б. жағымсыз әрекеттері ел ішін алатайдай бүлдіруді көздейді. Бұл теріс әрекет халықтың бірлігі мен татулығына сына қағатыны түсінікті. Мұндай жайттардың алдын алу үшін қазақ халқының дәстүрлі ханафи мәзһабына сай қалыптасқан салт-дәстүрін терістейтін діни үкімдерге «экстремистік» деген анықтама берген жөн.

Қазақстанда діни ахуалды қалыптастыру үшін экстремизм мен терроризмге қарсы күрес кешенді түрде қолға алынуы тиіс. Әлбетте, оның діни, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық аспектілерімен қатар құқықтық негіздемесін жетілдіру кезек күттірмейді.

Д.ЖОЛМУХАНБЕТОВ,
Хромтау аудандық сотының
аға сот приставы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

КЕЗДЕСУ

ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ БАР

ҚР ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/13 мекемесінде Алматы қаласы Түрксіб ауданы Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдерімен кездесу өтті.

Кездесуде аға инспектор Б.Жүнісханов Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы және қызмет өткеру кезеңіндегі тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын үйді жалдағаны (жалға алғаны) үшін өтемақы төлеу тәртібі туралы толықтай түсініктеме берді.

БЖТ (бірыңғай жиынтық төлем) бойынша, яғни бұл азаматтар өзінің жеке үйлерін арендаға беріп, күн көретін тұлғалар. Олар Қазақстан Республикасы Салық заңының 774, 776-баптарына сәйкес, өзін-өзі асырайтын жеке тұлғалар.

Мамандар түсіндіріп өткендей, жеке кәсіпкердің Салық комитетіне тіркелген кезінде жекеменшік және субарендаға алынған үйлерді өткізуге, яғни жалға берумен айналысуға рұқсаты болуы керек. Жеке кәсіпкер ай сайын үйін жалдаған адамға фискалдық чек беруі керек немесе онлайн төленген түбіртекті жолдауы тиіс. Осыдан көріп тұрғанымыздай полиция қызметкерлері жалға алған үйді беруші жеке кәсіпкердің жеке кассалық апараты болуы міндетті. Бұдан бөлек ай сайын әр үйден түскен ақшаның 3% мемлекет қазынасына салық ретінде төленеді. Салық кодексінің 685-бабына сәйкес, жеке тұлға патент ашуға құқылы. Тек осындай қадамнан соң ғана кәсіпкер өз үйін немесе жалға алған үйлерді жалға беру мүмкіндігіне ие болады.

Алматы қаласы Түрксіб ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілі Б.Исатаев Салық кодексінің 2018 жылғы 21 маусымдағы №617 қосымшасына сәйкес жеке тұлғалар туралы декларация құру ережесін түсіндірді. Сонымен бірге, №250 форманы толтыру тәртібінен хабардар етті.

Кездесу барысында 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер мен жұбайлары; әкімшілік қызметкерлер мен жұбайлары; әкімшілік уәкілдері мен жұбайлары декларация тапсыратын тұлғалар қатарына кіретіні айтылды. Декларацияның №250 формасында айлық жалақының көрсетілмейтіні, тек қана шет мемлекеттердегі үй және шетел банкінде ақшалай қаражатын көрсету керектігі түсіндірілді.

К. АБДУЛЛАЕВА,
ЛА-155/13 мекемесінің маманы

КИЕ

«ҚАЙ ТІЛДЕ ОЙЛАСАҢ, СОЛ ТІЛДІҢ ЖАНАШЫРЫСЫҢ»

Жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болып қалуы – ұлттық тілінің сақталуына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік тілдің мәртебесі әлі күнге орыс тілінің көлеңкесінде қалып қойып жатқаны қынжылтпай қоймайды. Ана тіліміз қолданыс тіліне айналып, қажеттілігі артпайынша көсегесі көгермейді. Сондықтан Тәуелсіздікке қол жеткізген отыз жылдың ішінде қазақ тілінің өз елімізде қажетті тілге айналмай жатқанына әрбір қазақ жауапты деуге болады.

Өйткені «қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың. Қай тілде ойласаң, сол тілдің жанашырысың» деген сөз бар. Көше кеткенге орыс тілі ғана көріп тұратындар мен қазақ тіліндегі қате жазылған жарнамаларды көргенде селт етпейтін азаматтарымыздың кесірінен қазақ тілі өз мәртебесіне ие бола алмай отыр деп айта аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та тілдің мәртебесін көтеруге қатысты ойын келелі жиындарда бірнеше рет білдірді. Ендігі жерде халықтың сол бастаманы қолдап кетуі тіл мәртебесіне қатысты көптеген мәселелерді шешер еді.

Тіл туралы заңда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп танып, оны мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады деп жарияладық.Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу және кез келген жағдайда басқа тілдерді қолдану түсініктерін теңестіріп қарауға болмайды. Сондықтан да біз, ешқандай бұқпантайламай-ақ Қазақстанда сот ісін жүргізу тілі қазақ тілі деп анық айтуымыз керек. Жалпы сот жүйесінде бәріміз іс қағаздарын жазуға ғана емес, сонымен қатар сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуге байланысты үлкен жұмыстар атқаруымыз қажет.

Т.РАИСОВ,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛАСТЫРУДЫҢ ТӘЛІМІ ЗОР

«Ел даусыз болмас» дейді халық мақалы. Түрлі деңгейдегі даулардың, келіспеушіліктердің болуы кез келген мемлекетке тән құбылыс. Яғни қоғам болған соң түрлі мәселелер, түрлі түйткілдер орын алмай тұрмайды. Ал дауларды көпке ұзатпай, аз уақытта сауатты, салиқалы, байыппен шешудің оңтайлы жолы медиация. Сондықтан сот процестерінде татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану жүйесі қалыптасып келеді.

Медиация – екі жақтың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі.

Қылмыстық кодекстің 68-бабына сәйкес, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиация ережелері адам өлімі, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.Сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ медиацияны қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға да мүмкіндік туғызуда. Медиацияның қолданылуы сот істерінің азайып, қордаланған істердің көбеймеуіне, уақыт пен ақша үнемдеу жағынан да пайдалы жүйе болып отыр. Сондықтан қазіргі таңда қоғамда медиация институтын дамытуға көңіл бөлініп, медиаторлардың дайындалуы, медиация кабинеттерінің көбірек ашылуы көңіл қуантып отыр.

Ең бастысы әрбір судья татуластыру рәсімдерін қолданып, екі жаққа дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу арқылы соттағы іс жүргізу заңнамасының міндеттерін орындап қана қоймай, дауларды, кикілжіңдерді шешіп, елдегі ынтымақты, бірлікті сақтауға үлес қосуда.

Ғалия ҚАСЫМОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ СОНЫ ҮЛГІСІ

Қазіргі таңда еліміздегі сот жүйесі заман талабына сай жаңа технологияларды кеңінен пайдаланып келе жатыр. Сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, сот төрелігінің мінсіз қызмет етуіне өз септігін тигізуде.

Сот қызметі мен халықтың байланысын, сот қызметінің жариялылығын арттыра түскен электронды үкімет порталының бүгінде сот жүйесінде алатын орны айрықша. Электронды инновациялық сот төрелігі сот жүйесіне енгізілген жаңа ақпараттық технологиялар кешені болып есептеледі. Бүгінде «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі, «SMS-хабарлама», дыбыс-бейне жазатын бағдарламалар сынды жаңа заманауи технологиялар сот жүйесінде кеңінен қолданылып, сот ісін жүргізуді айтарлықтай жеңілдетуде.

Жаңа ақпараттық технологияларды сот жүйесінде қолдану, оның қазіргі таңда басым артықшылықтарын айқын көрсетіп отыр.Жаңа ақпараттық технологиялар ең бастысы, сот қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар халықтың уақыты мен қаражатын да үнемдейді. Ендігі кезекте, жеке және заңды тұлғалар сот ғимаратына келмей, өздерінің арыздарын, өтініштерін, шағым және наразылықтарын электронды түрде жолдай алады. Сонымен қатар, сотқа жүгінушілерге онлайн режимінде істің қаралу барысын бақылауға, сот актісінің көшірмесін шығарып алуға және өзге де қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктер жасалған. Аталған жаңа ақпараттық технологиялар сот ісін жүргізуді жеңілдетуге, қағазбастылықты азайтуға және ең бастысы сыбайлас жемқорлықты болдырмауға тікелей бағытталып, қазіргі таңда тиімді құралға айналып отыр. Сондықтан да, сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор.

Мемлекет басшысы сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөнінде кеңесте жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесіне де тоқталып, соттарға уақыт ағынынан қалмай, заманауи технологиялардың барлық жетістіктерін пайдалануды міндет еткен болатын.

Жаңа ақпараттық технологиялардың функцияларын пайдалану сот жүйесінің тиімділігін арттыра түсті, іс жүргізуді автоматтандыру арқылы ашықтықты барынша қамтамасыз етіп, халықтың сотқа қолжетімділігін арттырды.

А.ТАРГЕНОВА,
Ақтөбе қаласының № 2 сотының кеңсе меңгерушісі

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

4. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті (жылдық) жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама

«Шығыстүстімет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121) «Шығыстүстімет» ЖШС Басқармасының шешімі негізінде 2021 жылғы 2 сәуірде 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес, «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті (жылдық) Жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларына хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 2 сәуірде көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2021 жылғы 1 сәуірдегі 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты сырттай дауыс беру арқылы өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47, 48, 49-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1. 2020 жылғы «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту;
2. «Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2021 жылғы 9 сәуірде 11 сағат 00 минутта.

«Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

6. «Назар аударыңыз: «Юридическая газета» басылымының 30.10.2020 жылғы №81 санында жарияланған №46 хабарламада қате басылып кеткен. «Железнодорожная көшесі, 6-үй» деген сөздердің орнына «Железнодорожная көшесі, ғимарат 7А» деген сөздер дұрыс деп есептелсін.

МҰРАГЕРЛІК

2. 19.11.2020 ж. қайтыс болған Ойшы Шәрипа Омарқызының атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылы, Қонаев көшесі, 2/2 үй мекенжайы бойынша нотариус Н.К.Өмірбайға келулері қажет: Тел.: 87014561853.

ТАРАТУ

3. «Premium Oil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060240030455, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, индекс 050051, Алматы қаласы, Самал-2 ықшамауданы, 33А үй, блок ½, 21-қабат, жаңа ғимарат № 529. Тел.: 87774140223.

6. «НУР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 981040004344 (Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Нұрғазин тұйығы, 1 «А»), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 18/1. Тел.: 87071501964.

БАНКРОТТЫҚ

5. Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-ның ұйғарымымен «Грузовой оператор» ЖШС-н банкрот деп тану туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайларда қабылданады: Алматы қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 78, ГОПС-46, тел.: 87778449920.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 747 200 22 58, 87474282610 Райымбек.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престің»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27, 292-40-89,
факс: 8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ.,Абай көшесі,78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11,8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIROS», Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 55, Алма сауда орталығы, 4-қабат, 419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

АШЫҚ КҮНДЕ АДАСҚАН АДАМ

Өзен жағасындағы орманда жатқаныма бүгін үшінші күн. Күре жолдан менің жатқан жеріме дейін 8-10 шақырымдай болар шамамен, одан ұзақ емес. Автобуспен келіп, үлкен қол сөмкемен жолдан түсіп қалдым. Қасымдағы адаммен көп сөйлеспей, аманына басымды изедім де, отырғаннан кейін телміріп терезеге қараған кейіп таныттым. Шынында жалғыз жүрсең елдің бәрі сені аңдып тұрғандай, сенің ойыңды оқып тұрғандай қысылатының бар. Мен де 32 орындыққа жайғасқан адамның бәрі маған ғана сүзіліп қарап отырғандай именшіктей бердім. Ал басқаларға бәрібір секілді. Бір-бірін танитындар арқа-жарқа болып әңгімелерін айтып, өзара қауқылдасып жатыр. Ешкімнің назарын аудармас үшін кісікиіктеніп отырған мен ғана. Ақыры, жанарымды төмен салған мен ешкім артық сауал қоймаса екен деген ниетпен көзімді жұмып, ұйықтаған кейіп таныткам. Автобус қозғалғаннан кейін шынымен ұйықтап кетіппін.



ЖОЛ

Бір мезетте көлік тоқтап, түнде келе жатқандықтан Талдысу елді мекеніне жарты сағат дем алып, жолаушылардың аяғын жазғызып алып қайта жүрді.

Талдысу мен қаланың екі ортасы 250 шақырым жол, ары қарай туған жерімнің ой шұңқырын түгел білемін. Талдысудан өткеннен кейін 150 шақырым кең дала, жолдағы бұрынғы ауылдардан ешқайсысы қалмаған, шетінен қаңырап бос тұр. Мөлшері 100 шақырымнан кейін жолаушылар ұйықтап отырғанда, автобусты тоқтатып түсіп қалдым. Жүргізушіге жездем апайыммен бірге мал бағады, соларға келе жатырмын деп айттым.

Жол сөмкемде үлкен қазақы ертоқым, жүген, ат әбзелдері мен ішінде жемі бар ат дорба, 2-3 бөлке нан, су бар болатын. Сонымен не керек, бүгін үшінші күн далада жатып, суға үйір-үйірімен келетін жылқыны аңдып жатырмын. Шетінен домаланған семіз аттар. «Үстінде бит домалайды» деп қазақ айтпақшы, небір керемет жылқы келіп су ішіп жағаға аунап дегендей кетіп жатыр. Өкінішке орай бәрінің артында бір жылқышысы бар.

Менің ойым белгілі, ыңғайға келтіріп өзіме ұнаған семіздеу біреуіне ат дорба жақындатып, ұстап мініп кету. Былайша айтқанда барымта ғой сол. Бірақ біздікі 10-20 жылқы емес, жақсы бір семіз соғым болса деген ой.

Тосып жатқанда небір сорақы ойлардың келетіні белгілі ғой. Бала кезімде анамның айтқан бір әңгімесі есіме түсе береді. Бұл да қамсыз кездегі айтқан көп ертегісінің біреуі ғой.

ТӘУЕКЕЛ

Қалай еді... Бір ұры жылқы ұрлаймын деп жүріп далада жанып жатқан отқа қарап тұрған шұбар атқа түн ішінде мініп алыпты. Содан тақымын қысып, екі құлағына жабысып алып, шаба жөнелген ғой. Жылқы олай бұлқынады, бұлай бұлқынады, үстіне мінген пәле айырылар емес. Аунаса да, секірсе де түспей қояды. Ат таң атқанша тулайды. Үстіндегі адам ақыры таңға тақау түні бойы діңкесі құрыған астындағы атына қараса, астындағы ат емес жолбарыс болып шығады. Ол жолбарыс түні бойы үстіндегі пәледен құтыла алмай жүгіре берсе, енді керісінше үстіндегі адам зәресі ұшып астындағы ат деп мінген жолбарыстан ағаштың астынан өткенде бұтағынан ұстап әзер дегенде құтылады. Осының бәрін өлеңмен айтушы еді анамыз марқұм. Осы есіме түссе, түбі қалай болады екен деген қорқыныш та бойды билеп ала жөнеледі. Бірақ бәрі сәтті болса тамақ та керек, бала-шаға қамы үшін дегендей. «Ұрлық түбі – қорлық» деген мақал да жанымды жегідей жеп барады.

Нар тәуекел, басқа амал жоқ, ақыры келген екем осы араға, құр қол қайтпаймын. Осы оймен отырғанда екінші үйірдің суатқа жақындағанын байқадым. Айғырдың бөтен үйірді қуалайтын әдеті бар емес пе? Бұл жолы да қасқа айғыр бөтен үйірді олай-бұлай тырқыратып қуып жүргенде, мен де жуастау біреуін шап беріп ұстап, мойнына қыл шылбыр тастап, ат дорба іле қойдым. Құдай оңдағанда жолым болып жем жейтін мал болып шықты. Орманның қалың жеріне қарай алдын ала дайындалған жерге жетелей жөнелдім. Кісінемес үшін арнайы дайындаған езу кергішті бірге кигізіп, кісіней алмайтындай жасадым. Ер тоқым салған мал белгілі ғой. Тар жерде ер тоқым да оңай тағыла кетті, бөтенсініп бір-екі ырғып ойқастады, бой бермедім. Бірер сәттен кейін мініп алдым. Алдын ала дайындап қойған жүк дорбамды іліп алып, жағаға шықпай 10 шақырым жер өзеннің ішімен жүріп, жатқан жерімнен алыстай бердім.

ТАУДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ

Енді сақтық керек, ұрлық жасаған жерден барынша ұзай түсу керек. Әзірге қауіптенетіндей айналада кісі баласы жоқ. Алысты орағытып шықты. Жан баласы байқалмайды. Тек түнге қарай тау етегіне ілініп кетсе болғаны.

Малшылар, жылқышылар жылқыны кешке қамағанда бір-ақ санайды, бүгін іздей қоюы да екіталай. Біраз дем алып, жем беріп қас қарайғанда күре жолдан кесіп өтіп, өзіме жақсы таныс биік елсіз жота тауларды бетке алып жүріп кеттім. Ендігі тоқтайтын жер – елсіз тау іші. Күндіз жүріп отыру керек. Түн ауа от жағу керек. Қалқаға көрінбейтін етіп от жағып отырам ғой. Бір күн тойып тамақ жемесе асқазаны өкпелей қоймас. Ең бастысы, отбасына олжалы оралады.

Мұндай кезде күндіз де мал іздеген адам кейпінде жүре беруге болады. Бірақ, мінген атым қасқа қоңыр. Оның қасқасын алып шыққан түрлі-түсті бояуыммен боясам да, жөн сұрасып келген қазаққа бірден біліну қалар еді. Сондықтан, аш бәледен қаш бәле, түнделетіп жүріп келем.

Пенде болған соң обал-сауапты да ойлап қоямын. Кімнің малы екен, кедейдің қосқан малы ма, әлде байдыкі ме? Жан-жақтың бәрі егін, жалдамалы жылқышы ұстап баққызып отырғанына қарағанда дәу де болса мал ауқатты жандыкі болар. Бағана өзен басына келген жылқылардың көбінде бір таңба сияқты болып көрінген болатын. Менің астымдағы жылқының таңбасының үстіне түсініксіздеу таңба басылған.

Байдыкі болса екен, бір жылқыға несі кетеді? Жоғын қатты іздемеуі де мүмкін. Бірақ түк көрмей, жоқтан жоғарылаған байлар көп қой қазір. Ондайлар бір теңге үшін өлетін шығар. Қаракан басын ойлайтын байсымақтарды талай көрді. Сондай біреудікі болса онда іздейді, әй бірақ қандай бай болса да бір малды текке жібере ме? Бағушының еңбегінен болса да, шырылдатып тұрып құнын ұстауы мүмкін ғой. Қалай болар екен?! Не болса да шегінерге жол жоқ. Шешінген судан тайынбайды емес пе, бұйырғанын көрермін. Оны аясам, мені кім аяйды сонда?

ҚОРҚЫНЫШ

Басыма неше түрлі ойлар келді. Біреудің адал малын ұрладым деген оймен тау ішінде жан-жағыма қарап елеңдеп, құдды жын ұрғандай алақжұлақ етіп келемін. Кенет қарсы беттен көлденең көк атты шыға келді. Қатты қорыққаным соншалық, қасыма тақап келгенде бетімді таңып алған орамалмен көлегейлеп үлгердім. Ой жүрік деген рас-ау. Осы бір сәттің ішінде зуылдап ойыма не келмеді дерсіз. Әуелі тұра қашуды ойладым. Алайда, еңгезердей адамнан құтылу оңай болмас. Енді не істеген жөн? Мынау да жақындап қалды.

Атына өңгеріле жабысқан жан «Ассаламағалейкум» деп дауысын созып, қолын ұсынамын дегенше, ит-құс жолықса сес болсын деп қолыма ұстап келе жатқан таяғыммен бас тұсынан салып өттім. Сескентіп қойсам бір жөн. Ішімді алай-дүлей еткен қорқыныш есеп бергізбестей ессіз еткендей. Қатты екпінмен ұрғаным сондай, жылы амандаспақ болған азамат қолын созған қалпы түсі бұзылып төмен қарай ертоқымнан сырғи жөнелді. Ұстай алдым, бетімді көрген жоқ әйтеуір, тамырын ұстасам тірі екен.

Атқа қайта міне салып есін жимай тұрғанда оның атын жетекке алып желе жортып кете бардым. Келе жатқан жер мөлшерін шамалап тұрмын. Жалағаш деген ауыл бар 20 шақырымдай жерде. Дәу де болса содан мал іздеген біреу болды ғой деп топшылап қойдым. Біраз жүргеннен кейін атын қоя берем деп келе жатырмын.

Артыма қарадым әлгі адам әлі орнынан қозғалмай жатыр, өліп кетті ме, кісі қанын мойныма жүктедім-ау деген сұмдық ой миымнан зу ете қалды. Бір шақырымдай дөңес жерде жатқан әлгі бейтаныс адам әлі жатыр зәрем ұшып кетті. «Не де болса қасына барамын, бұлай тастаған жарамас, жеткен жерім осы болды. Біреудің қанын мойныма жүктедім-ау, өзіме де обал жоқ, үйіткенше аштан өлген жақсы еді» деп өзімді жерлеп келемін.

Атын жетектеп, ақырын қасына келіп аттарды шылбырға тұсадым да жатқан адамның жанына келе бергенім сол еді, көзімнің оты жарқ ете түсті. Одан кейін түк есімде жоқ. Есімді жисам, бас жағымда қолында бір бөтелке сүт пе, айран ба әйтеуір ағарғаны бар, екінші қолында бір жапырақ наны бар бұжыр бет қара біреу ауқаттанып отыр. Менің есімді жиғанымды біле қойды, қозғалақтап едім, қолым байлаулы екен.

ТОРЫҒУ

Таспен ұрған сияқты бір жақ бетім өзіме бағынар емес. Қан сияқты бір көзім ісіп кеткен бе? Қалай қабағым салбырап тұр? Өкініштен күйіп кете жаздадым, үндемедім... Ол да үнсіз шайнаңдап отыр.

Бір заманда «Уа кімсің? Не қылған адамсың? Қайдан келесің?» деп сұрақты жаудыра бастады. Үндемедім. «Олай болса жолаушым, маған неге таяқ жұмсадың? Сен мені үн-түнсіз сұлатып салдың! Ендеше мен сені неге аяуым керек? Қазір басыңнан тағы бір ұрып, ана сайдың ішіне тастап кетсем, жамандыққа жамандық тапқан адам аттан құлады деп айтады. Әрине, тапса ғана. Әй бірақ мына жерге құласаң, шошқа келмейтін шығар тегі. Сүйегің көмусіз ит пен құсқа жем болып, ақсөңке болып көмусіз қаласың» деді.

Жан дауысым шығып жылап жібердім, көзімнен жас сорғалап бар шындығымды айттым. 5 балам бар еді деп балалар туралы айта бастап едім аузымды жауып тастады.

– Маған неге тап бердің, – деді. Алғашқы сұрақпен тығырыққа тіреді. Аллам өзі кешірсін, аузыма келгені – мал іздеп жүр едім болды. «Қазір адамдар өзгерген, олардан бәрін күтуге болады. Оның үстіне тұр-сипатыңыз да адам қорқытады екен» дедім.

– Қай ауылдансың?

– Сарбұлақтан, – деген жауабымды естіп:

– Сарбұлақта кімнің баласысың? Әкеңнің аты кім? – деп тықсырып сұрақты жаудыра бастады.

«Әкем Әбіш» дедім. Атын ести сала «Ә, ол кісіні білем ғой. Жалғыз ұлы бар болатын, сол сен екенсің ғой. Шешелерің қайтыс болғаннан кейін сендерді балалар үйіне өткізді дегенді естігенмін. Содан бері аттай жиырма жылдан асыпты-ау. Уақыт-ай!!!» деп басын шайқады.

Өзі іргелес ауылдан болып шықты. Іргелес отырғандықтан елдің бәрін білетін болып отыр. Ананы, мынаны сұрады, менен жарытып жауап ала алған жоқ. Бет-аузымды ауырсынған болып отырдым. Балалық шағы жетімдер үйінде өткен мен ауыл жұртын қайдан білейін. Туыстар да бізден әлдеқашан іргесін алыстатқан. Әбіштің тұяғы еді деп жаны ашып, жақын тартқан жанды көрмеппін.

Ақыры меннен жақсы әңгіме ести алмаған жолаушы сәлден кейін «Бір үйір жылқы көрмедің бе? Қай жерден жүрдің?» деп сұрады. Қолындағы бөтелке түбіндегі айран мен бір жапырақ нанды «дәм ауыз ти» деп қолыма ұстатты да «Атты неге жетектеп әкеттің, мен өлсем не істер едің?» деді мені тосылдырып.

Мен оған «Қорыққанымнан біріншi қол жұмсадым, атты орныңыздан тұрғаныңызды көргеннен кейін қоя берем, болмаса қуып ұстап ала ма деп ойладым» деп шынымды айттым. Сенгендей болды.

– Әй заман-ай, біреу біреуді аямай өлтіретіндей не болды? – деп басын шайқап, «Не іздеп жүргеніңді білмеймін, бірақ жас екенсің абайла! Мен сені кешірдім» деп атына отырып аттанып кетті.

«Әкең момын шаруа болатын» деді. Осы сөз жүрегімде қалып қойды.

ЖАРИЯ БОЛҒАН ҚЫЛМЫС

Айтып айтпай не керек, 4 күн жүріп түнделетіп, үйге келіп есікті жайлап қағып едім, келіншегім есікті ашып, бас салып құшақтап жылай жөнелді.

Ештеме айтпай кеткен адамды келмеген соң, заң орнына үш күннен кейін арыз жазып іздеу салғызыпты. Бүкіл ауыл-ауыл болып өзенді қарап, екі күн азаматтар тентіреп іздепті. Ең сорақысы, әйелім мен балалардың айқайына көршілер жүгіріп келді. Есіктің алдында үстінде менің ертоқымым бар ат байлаулы тұр.

Арып-азған түрім мынау, таңертең ішкі істер органынан адамдар келіп әйеліме арыз жазғызды. Менің табылуыма орай қарсы арыз. Одан кейін бәрі көрген түстей болды. Қысқасы, екі күннен кейін қамауға алындым. Атты елдің бәрі көрді, көзін құрта алмадым. Иелері іздеу салып, ішкі істер бөлімі де дереу шара қолданды.

Құрысын, қанша жылға соттаса да ер мойнында қыл арқан шірімейді деп ойлағам. Қалай барғанымды, қайда жатқанымды, бәрін түсіндіріп көрсетіп бердім. Суретке түсірді, тергеу басталды.

Сот басталды, одан бұрын жан-жақтан бірлі-жарым жоғалған малдарын іздегендер арыз берген екен. Соларға қатысы жоқ па деп біраз тексерді. Тығырыққа қатты тірелдім. Ең аяғында әлгі далада өзім ұрып жыққан адамды куәгер болса деп тергеушіге айтқам. Астымдағы аттың түрі-түсін, таңбасын, менің жалғыз ат мініп қайтқанымды көрген жалғыз куә сол. Не атын, не ауылын білмеген соң куәні іздеудің біраз уақытқа созылары анық. Осыдан кейін сот кейінге қалдырылды.

Арада он бес күннен кейін бөтен бір тергеуші тергеуді қайта бастады. Шындықты жасырмай айттым, ондағы ойым жазам жеңілдей ме деген пендешілік қой. Ең сұмдығы, әлгі мен басынан ұрған адам кетіп бара жатқанда соққының салдарынан қан қысымы көтеріліп, аттан құлап мерт болыпты.

БҮЛІНГЕН ТАҒДЫР

Сонымен не керек, бұл істің басы ат ұрлаумен басталып, соңы адам өліміне келіп тірелді. Соңында сот болды. Кінәмді мойындағаным бар, бес баламның жалғызілікті әйелімнің қарауында қалғаны ескеріліп 12 жыл бас бостандығымнан айырылдым. Сот жазаны қатаң тәртіптегі түрмеде өтеуге үкім шығарды.

Босқа айтатын сөзім жоқ, мен қазір 45 жастамын. Бостандыққа шыққанда 60-қа тақайды екенмін, тірі шықсам, әрине. Ал мен сияқты шолақ ойлап, тез байып кетем деген пендешілікпен бүкіл өмірін бүлдіріп жатқан адам қаншама?

Боранбай ОРАЗҒАЛИЕВ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Қуаныш Серікханов 8 707 889 01 33.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Ерсұлтан Әмірбек 8 775 820 36 92. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №31 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31